



ВСЕ ПОД КОНТРОЛЕМ



ЖЕҢІМПАЗДАР АНЫҚТАЛДЫ

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ

АМӨЗ – ЖАҚСЫЛЫҚТЫҢ ЖАРШЫСЫ

Атырау облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы Атырау мұнай өңдеу зауытының осы уақытқа дейінгі көрсеткен көмектеріне алғыстарын білдіре отырып, «30 қайырымды іс» акциясына ат салысуға шақырған болатын. Мейірімді жүректер тоғысқан кәсіпорын ұжымы әдетінше көмек қолын созуға ниет білдірді.



көмекке зәру отбасыларға жақсылық жасағымыз келді. Отбасыларға ең бірінші кезекте қажеті азық. Қолымыздан келгенше қайырымды болып, айналамызға мейірім төгіп жүруге тырысайық. АМӨЗ ұжымының, Nur Otan Бастауыш партия ұйымы мен кәсіпорынның кәсіподақ ұйымының атынан тағам салынған себет», - деп табыс етті «АМӨЗ» ЖШС кәсіподақ ұйымы

төрағасының орынбасары, Nur Otan БПҰ төрайымы Бақыт Өтебалы.

Зауыт ұжымы бас-аяғы 20 жағдайы төмен және мүмкіндігі шектеулі жандары бар отбасыларға ең қажетті азық-түліктер таратып, өмір тәлкегіне түскен жандарға қуаныш сыйлады.

«Қазақ санын көбейтіп, елімізге үлесімзді қосуға тырысып жатырмыз. Ендігі кезекте балаларымызға жақсы тәрбие беріп, ел қатарлы, халқына септігін тигізер ұл-қыздар болуы үшін тырысып жатырмыз. Осы орайда сіздердің де еңбектеріңіз зор. Балапандарымды қуантып жатырғандарыңызға мың алғыс», - деп тілегін жаудырды 7 баланың анасы Нина Слежова.

Атырау мұнай өңдеу зауыты осындай сан түрлі қиыншылыққа тап болған отбасыларға демеу болып келеді. Жетімін жалғызсыратпаған, жесірін жылатпаған дана халықтың ұрпағы ретінде тамаша үрдіс әлі де жалғасын таппақ.

Арайлым ҚАБДЕШОВА
Суретке түсірген
Данияр МУХАМБЕТОВ

Бүгінде Атырау облысында 11 мыңға жуық әлеуметтік әлсіз топ мүшелері мен 9 мыңға жуық аз қамтылған отбасылар бар. Осы орайда АМӨЗ Nur Otan Бастауыш партия ұйымы мен кәсіпорынның кәсіподақ ұйымы құрбан айт мерекесі қарсаңында кезекті қайырымдылық іс-шарасын өткізді.

«Аяқ астынан көз жанарымнан айырылып, шарасыз күйге түсіп қалдым. Бір пәтерде жалғыз өзім тұрамын. Назарларыңызды аударып, көңіл бөліп келгендеріңізге көп рахмет», деп көзіне жас алды Қалампыр Сейдахметова.

«Биыл Егемендік алғанымызға 30 жыл, соған орай облысымызда



QAҒЫPSIZDIK

SAPA

TURAQTYLYQ



БЕЗОПАСНОСТЬ

КАЧЕСТВО

СТАБИЛЬНОСТЬ

КАДРОВОЕ НАЗНАЧЕНИЕ



Решением Правления АО НК «КазМунайГаз» генеральным директором ТОО «Атырауский нефтеперерабатывающий завод» назначен Арман Кайрденов.

Арман Курметович Кайрденов родился в 1971 году в г. Атырау.

Образование: Казахский химико-технологический институт, Академия народного хозяйства при правительстве РФ (2003г.).

Специальность: инженер-химик-технолог, нефтяной бизнес.

Трудовую деятельность начал в 1993 году на Атырауском нефтеперерабатывающем заводе оператором технологической установки ЭЛОУ-АТ-2 цеха №1. На заводе проработал на различных должностях 13 лет. В частности, с 1998 года – начальник установки газореагентного хозяйства цеха №1; 2000 г. – заместитель начальника цеха №3; 2001г. – ведущий координатор проекта управления капитального строительства (УКС); 2003г. – главный менеджер проекта УКС, заместитель генерального директора Дирекции строящегося предприятия; 2004г. – заместитель начальника УКС по проекту.

В марте 2006 года был переведен в АО «НК «КазМунайГаз» главным менеджером департамента нефтехимии. В сентябре 2006 года был назначен заместителем директора департамента нефтепереработки.

В декабре 2008 года переведен в компанию Rompetrol – дочернее предприятие АО «НК «КазМунайГаз», заместителем генерального директора нефтеперерабатывающего завода Rompetrol Rafinare S.A. (Румыния). В августе 2010 года был назначен генеральным директором Rompetrol Rafinare S. A.

В 2012-2013 годах возглавлял ТОО «АНПЗ».

С июля 2020 года работал директором департамента по переработке нефти и нефтехимии АО «НК «КазМунайГаз».

За реализацию проектов модернизации Атырауского нефтеперерабатывающего завода и НПЗ «Петромидия» награжден Почетными грамотами АО «НК «КазМунайГаз».

МЕТРОЛОГИЯ

ВСЕ ПОД КОНТРОЛЕМ

В соответствии с Законом Республики Казахстан «О государственном регулировании производства и оборота отдельных видов нефтепродуктов», а также Правил и требований по оснащению резервуаров производственных объектов производителей нефтепродуктов, баз нефтепродуктов и автозаправочных станций контрольными приборами учета (КПУ), на Атырауском НПЗ продолжается работа по оснащению производственных объектов контрольно-измерительными приборами. На сегодня КПУ установлены на 39 резервуарах.

В их числе,
 - радарные уровнемеры
 - многоканальные преобразователи температуры с датчиком подтоварной воды
 - датчики гидростатического давления
 - полевые модули связи для отображения значений текущего уровня, давления, температуры, плотности и объема.

Коллекторы налива товарных нефтепродуктов в железнодорожные цистерны оснащены кориолисовыми массовыми расходомерами в количестве 20 единиц.

Действует система автоматического учета нефтепродуктов RTG с программным обеспечением TankMaster компании Emerson, которая интегрирована с существующей заводской системой АСУТП.

В составе систем предусмотрены:

- системный модуль связи
- полевой модем
- рабочее место оператора
- программное обеспечение.



На фото: работа с многозонным преобразователем температуры с датчиком подтоварной воды

Автоматическая система учета (АСУ) предусмотрена как трехуровневая, иерархическая информационная система, базирующаяся на современных аппаратно-программных средствах, обеспечивающая передачу данных непосредственно в систему учета предприятия, а также в

уполномоченный орган в области оборота нефтепродуктов посредством MES системы.

На стадии реализации оснащение КПУ еще 4-х резервуаров парков №1 и №5.

Александр СОН,
ведущий инженер КИП по ТОРО

ПРОЕКТ

ПОВЫШЕНИЕ ЭНЕРГОЭФФЕКТИВНОСТИ

Одной из бизнес-инициатив Атырауского НПЗ является реализация проекта «Автоматизированная система технического учета энергоресурсов». В рамках нее, в настоящее время силами консорциума компаний Venatech и KMG Automation на заводе проводятся работы по модернизации автоматизированной системы технического учета энергоресурсов (электроэнергии и пара) на технологических установках.

Целью проекта являются:

- Создание единой консолидированной системы сбора, обработки, представления и хранения информации ТОО «АНПЗ» со всех точек учета потребляемых и вырабатываемых энергоресурсов;
- Повышение энергоэффективности;
- Выявление мест потерь энергоресурсов с целью устранения их причин;
- Исключение и минимизация влияния человеческого фактора на процесс учета энергоресурсов.

Проектом предусматривается установка вихревых расходомеров Emerson, датчиков давления, температуры, а также использование части уже установленных приборов на технологических паропроводах. На электрических присоединениях устанавливаются измерительные преобразователи PM5300 Schneider Electric. Показания приборов собираются в программируемом логическом контроллере (ПЛК). Данное программное обеспечение производит расчеты потребления энергоресурсов в реальном времени и передает на сервер системы АСУЭ.

Программно-технический комплекс (ПТК) на базе программного обеспечения Power Monitoring Expert представляет из себя верхний уровень системы АСУЭ. Система АСУЭ осуществляет сбор, хранение, обработку данных от средств измерения, формирует отчеты по потреблению электроэнергии и пара.

Таким образом, внедрение системы позволит получить детальную картину потребления энергоресурсов установками, секциями, цехами, что, в свою очередь, даст возможность контролировать ресурсы и повысит эффективность производственных процессов.

Каиржан ТУРАКБАЕВ,
ведущий инженер-механик отдела реконструкции производственных активов




Рис 1. Структурная схема технологического процесса




Рис 2. Экран отчета потребления электроэнергии




Рис 3. Сводный экран диаграмм потребления энергоресурсов

Джумабековтер династиясы: БІЗДІҢ ҰРАНЫМЫЗ – СПОРТ!

Атырау мұнай өңдеу зауыты еліміздегі ең ірі және елеулі зауыттардың бірі екені бесенеден белгілі. Үлкен ұжымның қажырлы еңбегінің арқасында Республикамызды ғана емес, сыртқы нарықты да қажетті мұнай өнімдерімен қамтамасыз етіп отыр. Сонымен қатар кәсіпорын өндірістен бөлек әлеуметтік жетістіктерімен де мақтана алады. Зауыттың дамуына үлес қосып келген жандардың жолын жалғап келе жатырған ұрпақтар династиясы да зауыт тарихының маңызды бөлігі. Осы орайда түрлі жарыстарда АМӨЗ атағын қорғап жүрген спортшылар династиясын тілге тиек етпекпіз.

Джумабековтер әулетінің ұрпақтары кішкентайынан түрлі спорт түрлеріне бейім өседі. Отбасының ұйтқысы бола білген отағасы балаларын спортқа жақын қылып тәрбиелейді. Солардың арасында қазіргі таңда Атырау мұнай өңдеу зауытында қызмет ететін Салтанат Абдиева, Болат Джумабеков, Анар Кумарова мен Ержан Джумабек зауыттың атынан түрлі жарыстарға қатысып, жүлделі орындарды иеленген.

Салтанат Абдиева 30 жылға жуық зауыт қызметкері. 1992 жылдан бастап кәсіпорын өмірімен етене араласып келеді. Қазір де зауыттың бас есепшісінің бірінші орынбасары лауазымын атқарып жүріп, уақыт тапшылығын сезінсе де ұясынан көріп, қанына сіңген спортты еш тастаған емес. Отбасымен қоса ұжымға да денені шынықтыру қажет екендігін сіңіріп келеді. «4 сыныптан бастап шахмат ойнап, Қазақстанның чемпионаттарында сол кездегі Гурьев облысының құрама командасы қатарынан көрініп жүрдім. Мектеп кезінде дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Тұрғанбай Шығанақов бізді жан-жақты, түрлі спорт түрлерінен шыңдады. Сөйтіп, Атырау мұнай

өңдеу зауытында қызмет ете жүріп, «ҚМГ» ҰК ұйымдастырған спартакиадаларда қыздар арасындағы волейболдан жарыстарға қатысып бастадым. Топта ойнаған ойыншы міндетті түрде тәртіпке және командалық рухқа тәрбиеленеді. Қазіргі таңда 3 ұлым да спортқа бейім. Тіпті отбасымызбен жиналған уақытта аулаға баскетбол ойнап шынығамыз. Немере жиендерімізбен екі топқа бөлініп түрлі спорттық жарыстар ұйымдастырамыз. Спортқа жақын өскен бала өмірден сынбауды, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуді үйренеді», - деп спорттық адам өміріндегі маңыздылығын атап өтті.



Солдан оңға қарай төртінші Салтанат Абдиева

Ал, Болат Джумабеков 1978 жылы 10 баланың ішіндегі 9 шысы болып дүниеге келген. 1995 жылы оқу орнын бітіріп, 1996 жылы отбасылы болады. Қазіргі таңда 1 ұл 3 қыздың әкесі. «Бала кезімнен тоғызқұмалақ, баскетбол сынды спорт түрлерімен айналыстым. Зауыттың атынан тоғызқұмалақ ойындары жарысына қатысып жүлделі орындарға ие болғанмын. Бұл спорттың пайдасы зор. Миды шынықтырып, есептеу арқылы ойнауды қажет етеді», - дейді кокс жор күкірт өндірісінің операторы Болат Джумабеков.



Үстіңгі қатардағы бірінші Ержан Джумабеков

Ержан Джумабек қазіргі таңда мұнай өңдеу және мұнай өнімдерін терең күкіртсіздендіру өндірісінің машинисі лауазымын атқаруда. Ержан да бала кезін спортсыз өткізбейді. Мектеп кезінде волейбол ойнап, одан бөлек футбол, баскетбол сынды спорт түрлерімен де айналысқан. «Зауытта Қазмұнайгаз ұйымдастырған спартакиадаларда волейбол ойындарынан зауыттық командамен өнер көрсетіп жүрмін. Спортқа қызығушылығым жоғары, себебі спорт- адамды шынықтырады, денің де сау болады. Бүгінде 2 қыз, 1 ұлым бар. Олар да спортқа жақын. Өзім де бос уақытымда жаттығып, салауатты өмір салтын ұстануға тырысамын. Ол да бір тәрбие құралы деп есептеймін. Себебі, бала көргенін жасайды. Атадан балаға жалғасқан

дәстүрді дәріптеуді мен де жалғастырып келемін», - дейді Ержан Джумабек.

Расында «қядан не көрсен, ұшқанда соны ілесін», - деген қазақ даналығының маңыздылығын Джумабековтер әулеті тағы бір дәлелдегендей. Әкеден балаға дарыған мінез – өмір бойғы азыққа айналып, бүгінде Атырау мұнай өңдеу зауытындай алпауыт кәсіпорынның жетістікке жетуінің бір бөлшегі бола білген спорттық династия ұрпағына да дәл осы жолды жалғап келеді. Ал болашағы айқын ұрпақтың жалғасы одан да үлкен жетістіктерді бағындырары сөзсіз.

Арайлым ҚАБДЕШОВА
Суреттер «Новатор» басылымының
мұрағатынан алынған

ҰТЫС

ЖЕҢІМПАЗДАР АЙҚЫНДАЛДЫ

Атырау мұнай өңдеу зауыты аумағындағы «Медикер» медициналық орталығында зауыт қызметкерлерін жаппай вакцинациялау қарқынды түрде жүріп жатыр. Осы орайда басқа облыстар мен түрлі мекемелерден бастау алған ерекше үрдісті АМӨЗ ұжымы да қолға алған болатын.

Екпе алған зауыт қызметкерлері арасында ұтыс ойыны ұйымдастырылды.

Оған Бас директордың орынбасарлары, басқарушы директорлар, Департамент директорлары, құрылымдық бөлімшелердің, бөлімдердің, қызметтердің басшылары қатыса алған жоқ. Ұтыстағы сыйлықтарға ие болу бақыты тек «АМӨЗ» ЖШС қызметкерлеріне ғана бұйырған болатын. Құрылымдық бөлімшедегі екпеге жауаптылар күн сайын вакцинацияланған қызметкерлердің тізімін ұсынып отырды.

2021 жылдың 19 шілде айында қатысушыларды тіркеу арқылы 5 дана iPhone 12 128 Гб ұялы телефондары және Technodom-

ға 100 000 теңгелік 15 дана сертификат ойнатылды.

«Аталмыш ұтыс ойыны зауыт басылығның бастамасымен іске асып, жоғары дәрежеде өткізілді деп есептеймін. Әлемде кең етек алып тараған індеттің алдын алып қана қоймай, сыйлықтарға ие болып отырған қызметкерлердің жолы болды деген ойға келдім. Дерттен аулақ болыңыздар, ұтыстарыңыз құтты болсын», - деп сыйлық иелерін марапаттады қызметкерлерді басқару және еңбекақы төлеу департаментінің басшысы Серік Арыстан.

Жеңімпаздарды құттықтай отырып, төменде тізімін ұсынамыз.



ВНИМАНИЕ!



Начался прием заявок на конкурс лучших инновационных идей в области ОТОС среди сотрудников группы компаний «КазМунайГаз».

В конкурсе может принять участие любой работник или производственное подразделение группы компаний КМГ. Идеи будут рассмотрены специальной комиссией в три этапа: на первом уровне идеи будут рассмотрены дочерними организациями группы компаний КМГ, на втором уровне - структурными подразделениями КМГ и на финальном третьем уровне руководством компании.

Каждая заявка, получившая оценку 9 и выше, будет переведена на рассмотрение комиссии следующего уровня до определения 3 заявок победителей.

Идеи будут оцениваться по следующим критериям:

- Лидерство, продемонстрированное в сфере ОТ, ТБ и ООС
- Возможность переноса на все компании группы КМГ – возможность масштабного внедрения и реализации идеи/практики
- Повышение ценности за счет снижения себестоимости, уровня рисков, недопущения инцидентов и предотвращения ответственности за последствия.

Для участия в конкурсе необходимо заполнить заявку и отправить на электронный адрес annual.hse.award@kmg.kz

Заявки принимаются до 10 октября 2021 года. Далее заявки будут зарегистрированы и направлены в соответствующие организации группы компаний КМГ для начала процесса отбора.

По итогам конкурса победители третьего тура, занявшие 1, 2 и 74 3 места будут удостоены следующих наград:

- 1 место - Почетная грамота председателя Правления КМГ и 500 МРП
- 2 место - Почетная грамота председателя Правления КМГ и 300 МРП
- 3 место - Почетная грамота председателя Правления КМГ и 100 МРП

ИТОГИ КОНКУРСА БУДУТ ОБЪЯВЛЕНЫ В КОНЦЕ ГОДА

«НОВАТОР» басылымы
№15. 6 тамыз 2021 жыл

РЕДАКЦИЯ МЕКЕН-ЖАЙЫ:
060001, Атырау қ.,
«АМӨЗ» ЖШС, 3.Қабдолов к-сі,1
тел.: 25-97-71, тел.факс: 25-96-75

Газет «Print House Gergona» ЖШС
баспаханасында басылды.
Алматы қ, Помяловский к-сі,
29 «А»/1. Тел: 398-94-59,
250-47-40, 398-94-60; ф.250-47-39
Тиражы 1200 дана
Тапсырыс № 1329

БҰҚАРАМЕН БАЙЛАНЫС
ЖӨНІНДЕГІ БӨЛІМІ:
бастығы А.Татиева
«MEDYAGROUP» ЖК:
жетекшісі – Д.Мұхамбетов
редакторлар: И.Сатылғанова,
А.Аймұратқызы.

Газет
Қазақстан Республикасының
баспасөз және бұқаралық
ақпарат министрлігінде
1992 жылғы 27 мамырда
тіркеліп, тіркеу туралы
№790 куәлігі берілген

Газет редакциясы жарнама
материалдары мен хабарландырулар,
құттықтаулар және көңіл айту
мазмұнына жауап бермейді.

НОВАТОР

iPhone 12 128 Гб ұялы телефоны ұтысының иелері:

1. Энерго жүйесі бойынша бас маман Таймас Сарниязов
2. «Орталық зауыт зертханасы» сынақ орталығының отынды моторлы сынау жөніндегі машинисі Алексей Акчурич
3. Ароматикалық көмірсутектер өндірісінің технологиялық қондырғы операторы Тенгиз Маслов
4. Кокс және күкірт өндірісінің технологиялық сорғы машинисі Марат Байтурсинов
5. Әкімшілендіру бойынша бас маман Мұрат Құрманғалиев.

Technodom-ға 100 000 теңгелік сертификатының иегерлері:

1. Еңбекақы төлеу және ұйымдастыру бойынша маман Ардақ Дәулеткереева
2. «Орталық зауыт зертханасы» сынақ орталығының механигі Артем Тергушев
3. Бас механиктің динамикалық жабдықтар жөніндегі орынбасары Александр Котков
4. Мұнай және мұнай өнімдерінің теңгерімі бөлімінің инженері Гаухар Өтебадиева
5. Өндірістік бақылау қызметінің жетекші инженері Қайрат Иманбаев
6. Ароматикалық көмірсутектер өндірісінің технологиялық қондырғы операторы Николай Губанишев
7. Ароматикалық көмірсутектер өндірісінің технологиялық қондырғы операторы Евгений Струняшев
8. Мұнай өнімдерін өндіру және тасымалдау өндірісінің эстакада операторы Асхат Ислямғалиев
9. Мұнай өнімдерін өндіру және тасымалдау өндірісінің аға операциялық үйлестірушісі Қанат Бисенов
10. Мұнай өнімдерін өндіру және тасымалдау өндірісінің тауар операторы Айдарбек Хамзаев
11. Мұнай өнімдерін өндіру және тасымалдау өндірісі эстакадасының аға операторы Жанкелді Абилов
12. Мұнай өнімдерін өндіру және тасымалдау өндірісі қазандығының аға машинисі Эльдар Қаражанов
13. Жылу және электр энергия өндірісінің суды химиялық тазалау цехының бастығы Сүйеніш Испусинов
14. Гидрогенизациялық процестер өндірісінің технологиялық қондырғы операторы Аян Мажитов
15. Мұнай өңдеу және терең күкіртсіздендіру өндірісінің технологиялық қондырғы операторы Еламан Жауқашты.

ЛИКБЕЗ ЧИСТОТЫ

ПРАВИЛА СОРТИРОВКИ БУМАГИ



Что подлежит переработке:

- картон
- белая бумага
- упаковочные коробки
- бумажные пакеты
- журналы, газеты, флаеры, тетради, альбомы

ПРАВИЛА СОРТИРОВКИ СТЕКЛА



Что подлежит переработке:

- бутылки
- банки
- стеклобой (битая тара, оконное стекло)

ПРАВИЛА СОРТИРОВКИ ПЛАСТИКА



Что подлежит переработке:

- полиэтиленовые пакеты
- стретч-пленка
- пластиковые бутылки
- пластиковые крышки
- полимерная упаковка и контейнеры
- одноразовая посуда

ПРАВИЛА СОРТИРОВКИ ПРОЧИХ ОТХОДОВ



Прочие отходы - это все неперерабатываемые отходы:

- пищевые отходы
- упаковки и тетра паки
- средства личной гигиены и пр.

ПОМНИТЕ!

1 ТОННА СОБРАННОГО РАЗДЕЛЬНОГО МУСОРА

- СПАСАЕТ 13 ДЕРЕВЬЕВ

- СОХРАНАЕТ 2,58 БАРРЕЛЕЙ НЕФТИ

- БЕРЕЖЕТ 32 ЛИТРА ЧИСТОЙ ВОДЫ

- ЭКОНОМИТ 4100 КВТ/ЧАС ЭЛЕКТРОЭНЕРГИИ

